

**Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназиясы «Шеңбер» ашық  
диалог алаңы ата-аналарға арналған «Ашық есік күн»**

**Хаттама № 3**

**Күні:** 17 қаңтар 2025 жыл  
**Уақыты:** 17.00-19.00  
**Өткізілу орны:** спорт залы  
**Қатысушылар:** 1 – 11 сынып ата-аналары

**Күн тәртібі:**

1. 2024-2025 оқу жылының ІІ- тоқсаны бойынша оқу-тәрбие жұмысының қорытындысын таныстыру- 1-11 сынып жетекшілері және пән мұғалімдері
2. Оқушылардың өмір қауіпсіздігі ережелерін сақтау туралы -1-11 сынып жетекшілері.
3. «Біртұтас тәрбие» аясындағы жүргізілген тәрбие жұмысы - тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары

**Тыңдалды:**

**1. 2024-2025 оқу жылының ІІ-тоқсаны бойынша оқу-тәрбие жұмысының қорытындысын 1-11 сынып жетекшілері.**

Жиналыста 1-4 сынып жетекшілері, қазақ тілі, орыс тілі, шет тілі, математика, жаратылыстану, эстетика және технология бірлістіктері ата аналарды қарсы алды.

Бастауыш сыныптардың ата-аналарына оқушылардың оқу үлгерімі мен дамуында маңызды рөл атқаратын тәрбие жұмысының маңызы туралы айтылды. Балалардың психоэмоционалды жағдайы мен оқу процесіне деген қызығушылығын қолдау қажет екендігі ескертілді. Ата-аналарға оқушылардың сабаққа қатысуын, оқулықтарды дұрыс пайдалануын және қосымша тапсырмаларды орындауын бақылау ұсынылды. Сонымен қатар, әлеуметтік дағдыларды дамыту мен топтық жұмыс дағдыларын қалыптастыруда ата-ананың қолдауы маңызды екендігі айтылды.

5-8 сынып оқушыларының ата-аналарына олардың білім сапасын жақсарту үшін қосымша уақыт бөлу, балалардың мектепке және оқу жұмысына деген жауапкершілігін арттыру ұсынылды. Оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында ата-аналар балаларымен бірге қосымша оқулықтар мен тапсырмалар жұмысын үйлестіру керек екендігі айтылды. Қоғамдық жұмыстар мен сыныптан тыс іс-шараларға қатысу, бала мен ата-ана арасындағы өзара қарым-қатынасты жақсарту үшін ата-аналар белсенді болуы тиіс.

Жоғары сынып оқушыларының ата-аналарына олардың болашақ мамандық таңдауы мен кәсіби бағдар беру жұмыстарында белсенді қатысу керектігі ескертілді. Сонымен қатар, ұлттық құндылықтарды тереңдетіп оқыту мен әлеуметтік жауапкершілікке тәрбиелеу бағытында ата-аналардың қосымша қолдауы қажеттілігі айтылды. Оқушылардың жеке жетістіктерін бағалап, оларды өздерінің даму бағыттарында қолдау көрсетудің маңызы ерекше атап өтілді.

## **2. Оқушылардың өмір қауіпсіздігі ережелерін сақтау туралы**

Оқушыларға өмір қауіпсіздігі ережелері бойынша апта сайын өткізілетін нұсқаулық сабақтарының нәтижелілігі қаралды. Мектепте қауіпсіздік техникасы бойынша өткізілген практикалық шаралар, оның ішінде өрт қауіпсіздігі жаттығулары мен эвакуация жоспарлары талқыланды. Балалардың жол қозғалысы, тұрмыстық қауіпсіздік және ғаламторда қауіпсіздік сақтау бойынша білімдері тексерілді. Қауіпсіздік ережелерін бұзу фактілері талданып, мұғалімдер мен ата-аналардың бұл мәселедегі рөлі айтылды. Әр сынып жетекшісіне қауіпсіздік туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту тапсырылды.

## **3. «Біртұтас тәрбие» аясындағы жүргізілген тәрбие жұмысы туралы**

«Біртұтас тәрбие» концепциясын жүзеге асыру бойынша жүргізілген шаралардың нәтижелері қарастырылды. Тәрбие жұмыстарының оқу-тәрбие процесімен ұштасуы және олардың оқушылардың дамуына әсері талданды. Әр сыныпта ұйымдастырылған тәрбие сағаттары, патриоттық іс-шаралар, мерекелік кештер және қоғамдық жұмыстар қорытындыланды. Оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесі мен ұлттық құндылықтарға деген көзқарасының қалыптасуы қаралды. Ата-аналармен байланыс орнату және отбасылық тәрбиені нығайту мақсатында өткізілген шаралардың тиімділігі айтылды. Әлеуметтік жобалар мен қайырымдылық акцияларына оқушылардың белсенді қатысуы ерекше атап өтілді.

### **Шешімдер:**

1. Оқу-тәрбие жұмысын жақсарту үшін сынып жетекшілеріне және пән мұғалімдеріне қосымша оқу жоспарларын құру, әр сыныптың оқу үлгерімін жақсарту бойынша нақты шаралар әзірлеу тапсырылды.
2. Оқушылардың қауіпсіздігіне байланысты барлық мектеп қызметкерлеріне қауіпсіздік ережелері бойынша үнемі ақпарат беру және осы ережелерді сақтау жұмысын күшейту ұсынылды. Әр сынып жетекшісі қауіпсіздік шаралары бойынша оқушылармен тұрақты әңгімелер жүргізуді міндеттеді.
3. «Біртұтас тәрбие» концепциясын әрі қарай жүзеге асыру, оның ішінде рухани-адамгершілік тәрбиені нығайту, ұлттық құндылықтарды кеңінен насихаттау мақсатында тәрбие сағаттары мен іс-шаралар ұйымдастыру қажеттілігі айтылды.

4. Тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру үшін ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту, отбасылық тәрбиені қолдау мақсатында арнайы кездесулер мен семинарлар өткізу ұсынылды.
5. Оқушылардың белсенді қатысуын арттыру үшін қайырымдылық шаралар мен әлеуметтік жобалар ұйымдастыруды жалғастыру және бұл шараларға ата-аналарды тартуды күшейту маңызды.



Хатшы: Ж. Оразалина